

**Л.Н. ДӘУРЕНБЕКОВА**

### **Ш. АЙТМАТОВ ӘҢГІМЕЛЕРІН АУДАРУДАҒЫ Қ. НҰРМАХАНОВ ҰСТАНЫМЫ**

**В статье рассматриваются рассказы киргизского писателя Ч. Айтматова в переводе К. Нурмаханова. Переводчик сохраняя писательский стиль автора, обращает внимание на сохранение интонации, ритма текста оригинала, попытался перевести легким языком психологию каждого героя.**

**In article stories of the Kirghiz writer Ch.Aitmatov in K.Nurmakhanov's translation are considered. The translator keeping Ch.Aitmatov's literary style, pays attention to preservation of intonation, a rhythm of the text of the original, and tried to translate easy language mood, psychology of each hero.**

Сыншы, кәсіби аудармашы Қалжан Нұрмаханов қырғыз жазушысы Шыңғыс Айтматовтың бірқатар туындыларын тәржімалап, қазақ халқының рухани игілігіне айналдырып қана қоймай, екі ел арасындағы әдеби байланысты нығайта түсті. «...Я горжусь за киргизскую литературу, которая за последнее время переживает бурный расцвет во всех своих жанрах. Я от души радуюсь за каждое новое явление в ней! Да, литературная жизнь Киргизии богата большими радостными событиями» [1, 28] - деп, қырғыз әдебиетінің дамуына, жанрлардағы соны құбылыстарына лебізін білдіруі аталмыш әдебиеттің назарынан тыс қалмағанын байқаймыз. Алғаш рет Қ. Нұрмаханов Ш. Айтматов есімін даңққа бөлеген «Жәмилә» шығармасын қазақ оқырмандарымен қауыштырды. Повесть аударыла салысымен, «Лениншіл жас» газетінде үздіксіз жарияланды. Аудармасына көңілі толған автор газет редакциясына келіп, алғысын білдіре отырып: «Бир боордош Қазақстан жаштарынын газетасы менин «Жамыйла» аттуу повестиме орун берип, окуучуларды аны менен таныштырышы – мен үчүн өң чоң сыймык деп эсептеймин. Айткени, ар бир адабий чығарманын күчү, көркү эң мурун өз эне тилинде окулганда сезилет. Ал, эми қазақ тили биз үчүн өз эне тилдей жакын, кымбат, жағымдуу. Бул повесттин окуясы кырғыз менен казактар канатташ, журтташ жагашаган Талас өрөнүнде өтөт. Эгерде менин жазгандарым биздин жер – суунун көркүн ачып, адамдардын жан сулуулгун, эмгегин көрсөтүүгө жарап, жүрөгүңөрдү толкундатса, анда мен максатыма жеткен болом, анда мен өзүмдү бактылуу сезем» [2,6], – деп қолтаңбасын қалдырған екен.

Автордың «Жәмилә» повесін аударуға Қ. Нұрмахановқа сеніп тапсырғандығын, «Жәмилә» атауы Қ. Нұрмахановтың ұсынысы бойынша аталғаны Ш. Айтматовтың төмендегі хатынан байқалады.

«Уважаемый товарищ Нурмаханов. Прошу извинения, что сразу Вам не ответил. Причина в том, что книга «Джамиля» не вышла на киргизском

языке. У нас повесть называется «Ауен», по-русски «Напев». Посылаю Вам свою рукопись. Название повести зависит от Вас. Как Вы переведете, так и оставим. Еще посылаю Вам повесть «Лицом к лицу», она выходила в журнале «Октябрь». Если Вам не трудно, прошу прочитать её и дать отзыв.

Крепко жму руку. Ч. Айтматов. 1959 г. [1,27].

Көркем аударма теориясында аудармашының автормен ақылдаса отырып жасаған, автордың тәржіманы құптап, ризашылығын білдірген аударманы мақұлданған аударма дейді. Бұл тұрғыдан алғанда «Жәмилә» повесі мақұлданған аударма деп атауға лайықты.

Аударма көркемдік жағынан неғұрлым сапалы, барынша түпнұсқамен дәл аударылғандықтан бір елдің құнды мұрасынан екінші елдің рухани қазынасына айналып отыр. Сондықтан да Ш. Айтматовтың хаттарында төл туындының аудармашысына деген құрмет сезімі жатыр.

«Сенің хатыңды алып, Қалжан тууганым, мурды жооп кечиктиргеним учун катуу уяткер болдум. Ал элин хал-жагдай, ичтериң жакшыбы? Жакшы болушуна тилектешмин. Сенин жазган кабарларин мени кубантып жатат. Келечекте да ушундай көмөктөш-канатташ бололу, - ак бидайдын камырындай жуурулган элемеспизби! Москвдын чыккан китепчелеримди («Жамайла» да «Огонекта» өзуча басылып чикты) сага атап жибереин деген ниетим бар эле, бирок азыр колумда жок болуп жатат. Колума тисе эле почтого салып жиберем. Илчерки кишилердин сөзу менен айтканда, Калжан досум, өзүңду кудайга тапшырдым да, «Жамыйла» менен «Бетме-бетти» сага тапшырдым. Айтоор, жарыкка чыгарарсың деген ишенимим бар...»

Кош, кабарыңды күтом. Чыңгыз. 9/IV. 59 ж.» [1,29].

Бұл хаттар екі қаламгердің арасында шығармашылық байланыс болғанын байқатады.

Қ. Нұрмаханов қырғыз жазушысының «Жәмилә» шығармасымен қатар, «Бетпе-бет», «Алғашқы мұғалім», «Ақ жауын» әңгімелерін қазақ тіліне тәржімалады. Біздің қарастыратынымыз «Ақ жауын» әңгімесі. Аталмыш әңгіме қазақ тіліне ғана емес, И. Гнездилованың аудармасымен орыс тілінде жарыққа шықты. Қ. Нұрмаханов орыс тіліндегі нұсқасын жанама пайдаланған тәрізді. Сондықтан да аудармаға баға беру үшін, орыс тіліндегі нұсқаға да назар аудардық.

«Ақ жауын» әңгімесінің оқиғасы жалғыз қалған Зейнеп ананың көрші колхозда жұмыс істеп жүрген қызы Саадатқа деген сағынышы, «қызы тұрмысқа шығып кетіп мәңгілікке жалғыз қалып қаламын ба?» деген қорқынышы төңірегінде өрбиді. Әңгіме жалғыздыққа қатысты психологиялық күйзелістен туындаған толғаныстардан тұрады. «Ақ жауын» әңгімесінің аударылуына қырғыз, орыс және қазақ нұсқаларын салыстыра қарастыру нәтижесінде, Қ. Нұрмаханов аудармаларында түпнұсқа мәтіннің өзінен гөрі, мазмұн мен ақпаратты дәл жеткізуді мақсат еткенін байқадық. Себебі, түпнұсқадағы кейбір аса бір маңызды рөл атқармайтын детальдар аудармада түсіп қалған. Ойымыз дәлелді болу үшін мысалдар келтірейік. *«Бийик аска-таштын арасында муздаган аба, капчыгайдын күңұрт тереңинен күч менен сығылып, тоо ылдый удургун согат. Шамал түн*

караңғысын акырын сүріп барып, колотко уламдан-улам қуялтұп, шықап жатқандай сезилет» [3, 355], – деген табиғат көрінісін бейнелеген сөйлемдердің орыс тіліндегі нұсқасында да, қазақ тіліндегі нұсқасында да қысқартылған. «Саадат энеси жаққа қылчая бурулуп караганда, узун кирпичтеринин арасынан анын бакырайган көздөрүнүн каректери жалт этти» деген сөйлемді қазақшасында «Саадат шешесі жаққа бұрылып қараганда, ұзын кірпіктерінің арасынан оның танадай көздерінің қарашығы жалт етті» [4, 358], – деп берсе, орыс тіліндегі нұсқада бұл сөйлем мүлде берілмеген. Ал түпнұсқадағы «бакырайган көздөрүнүн» деген тіркесті қазақ тіліндегі нұсқада «танадай көздерінің» деп аударуы сәтті шыққан. Демек, аудармашы сөз тіркесінің баламасын дәл тауып қоя отырып, мәтіннің көркемдік деңгейін арттырған. Байқап отырғанымыздай, Қ. Нұрмаханов аударма барысында әрбір сөз, сөйлемдерді қарапайым ғана аударма салмай, қазақ қолданысындағы тіркестермен беріп отырады. Мәселен, «чыныларын жууып, текчеге тизді» дегенді «шыны-аяқтарын жуып, текшеге апарып қойды» деп аударған. Қазақ тілінде шыны сөзі аяқ сөзімен тіркесіп, қос сөзді құрайтындықтан аударма барысында да, екі сөздің аражігін ажыратпай «шыны-аяқ» деп қолданылғанын құптаймыз. Яғни, аудармашы сөйлемнің негізгі сегменттеріне, аударма тілден нақты аналогтар келтіреді.

«Айдын терезеден ұлбүрөгән нуру қыздын башына, мойнуна күүгүм жарыгын тийгизди» [3, 357].

«Голубоватый лунный свет падал на голову и плечи девушки» [5, 53].

«Айдың терезеден түскен күміс нұры қыздың басына, иығына төгілді» [4, 326]. Бұл жерде «Айдын ұлбүрөгән нуру» – дегенді, орыс тілінде «голубоватый лунный свет» деп ай нұрын аспанмен ұштастырып, көгілдір деп келтіруіне қосылғанымызбен, түпнұсқадағыдай ай нұрының терезеден түсіп тұрғандығын айтпай, қысқартып берген. Себебі, аудармашы И. Гнездилова аталмыш сөйлемнің алдындағы «...Саадат встала и тихонько пробралась к окну» [5, 536], – деген сөйлемнің ай нұрының қайдан түсіп тұрғандығын айқындап тұрғандығы түсінікті екендігін ескерген болса керек.

Қырғызша нұсқасында келтірілген «...Билесиңби, мен негедир ушунчалык коркуп жатам...Түрү, апам ооруп қалған го, болбосо ал мени чакыртпайт эле...» [3, 358], – деп келетін мына бір сөйлемді қазақша нұсқасында «...Мен сондай қорқып тұрмын...Түрі апам ауырып қалған гой, болмаса мені шақыртпас еді» [3, 267], орыс тілінде «...я очень беспокоюсь, зачем мать вызвала меня? Вдруг заболела?..» [5, 538], – деп аударған. Бұл тұста көңіл аударатын нәрсе қырғызша «түрү» сөзінің қазақша сол қалпында «түрі» күйінде аударылуы. «Түрү» сөзін «сірә», «шамасы» сынды сөздермен алмастырып «Сірә, апам ауырып қалған гой, болмаса мені шақыртпас еді», немесе, «Шамасы, апам ауырып қалған гой, болмаса мені шақыртпас еді», – деп аударуға болар еді, бірақ аудармашы кейіпкердің сөз саптауын шынайы бергісі келген тәрізді. Ал, орыс тілінде «қорқып тұрмын» деуден қарағанда алаңдап тұрғандығын айтуы аудармашының сөзден гөрі ситуацияны түсінікті беруге көбірек назар аударғандығы байқалады. Қос нұсқаны салыстыра қарастыру арқылы кей сөздер мен сөз тіркестерінің мәтін ішінен түсіріліп

калынған тұстарын да кездестіруге болады. Мысалы, қырғызша нұсқасындағы:

*«Кээде Саадат салабаттуу, иштер жөнүндө билгичтик менен сүйлөйт, кээде тим эле аны бирөө алмаштырып койгондой ырдап, күлүп, шаттанып энесине эркелей берип жүдөтүп да жиберет, анан эле, карасаң, жетим ботонун көзүндөй, көзүн туман чалып, Саадат үн чыгарбай, бир жерди телмирип карап олтурат, же анын башында бир ой, же кайгы барбы кыйнап жаткан?..»* [3, 360], – дегенді қазақша нұсқасында:

*«Кейде Саадат салауатты, жұмыс жөнінде ақыл айта сөйлейді, кейде оны біреу алмастырып қойгандай, күліп, шаттанып, шешесіне шексіз еркелеп, есін шығарады, кейде қарасаң жетім бота сияқты көзін туман шалып, үндемей бір нүктеге қадала қарап отырады»* [4, 269], – деп аударған.

Бұл сөйлем орыс тілінде, *«Странно. Порой Саадат серьезна, деловита, порой необыкновенно весела, а то вдруг затуманятся глаза, как у осиротевшего верблюжонка, сидит тихая, печальная»* [5, 540].

Бұл жерде айтпағымыз түпнұсқада бар «ырдап» сөзінің, немесе, «же анын башында бир ой, же кайгы барбы кыйнап жатқан?..» сөйлемінің қазақша нұсқада да, орыс тіліндегі нұсқада да түсіріліп қалғандығы.

«Ырдап» сөзі қазақша «өлең айту» мағынасын білдіреді. Түпнұсқада қыздың шаттанып, көңілді отырғандығын білдіріп тұрғандықтан, аудармашылар сөйлемді ықшамдап беру мақсатында бұл сөзді қолданбаса да сөйлемнің мағынасын дәл беріп тұр.

*«Же анын башында бир ой, же кайгы барбы кыйнап жатқан?..»* [3, 363], - деген сөйлем түсіп қалғанымен, бір ғана *«жетім бота сияқты көзін туман шалып, үндемей бір нүктеге қадала қарап отырады»* [4, 270], – деген сөйлемнен-ақ, қыздың ауыр ойдың не ауыр қайғының жетегінде отырғанын түсінікті берген.

*«Алар Саадаттай эле жастар экен. «Мен да ошондой болсам, ээ!» – деп Саадаттын көзү жайнай түштү. Анан дагы толуп жатқан немелер жөнүндө, запчастар жөнүндө калп эле ооруп калып стенгазетага тартылған тракторист жөнүндө жана башкаларды айтып берчү»* [3, 365], – дегенді орысша нұсқасында: *«Вот бы и мне такой стать!» – говорила Саадат. И глаза ее загорались. В эту минуту она становилась для матери чужой и непонятной. не замечая тревоги в глазах матери, Саадат рассказывала оба всем, что ее волновало, о комсомольском собрании, о стенгазете, где протащили тракториста-лодыря, и еще о многом, правда, не всегда понятном для Сейнеп-ана»* [5, 543].

Қазақ тілінде: *«Олар да Саадаттай жастар экен. «Мен де сондай болсам, ә!» дегендей Саадаттың көзі жайнай түсіп, онан кейін тағы толып жатқан жайлар жөнінде, комсомол жиналысы, өтірік ауырып қалып қабырға газетіне түскен тракторист жөнінде айтып беретін»* [4, 273], – деп тәржімаланған. Қырғызшасындағы, *«Анан дагы толуп жатқан немелер жөнүндө, запчастар жөнүндө, калп эле ооруп калып стенгазетага тартылған тракторист жөнүндө жана башкаларды айтып берчү»* дегенді қазақша аудару барысында «запчастар жөнүндө» деген тіркесі

аудармасында қалдырылып кеткенімен, «*толып жатқан жайлар жөнінде*», «*еще о многом*» сөйлемдері мағынаны ашып тұр. Сондай-ақ, аударма мәтінде қысқа қайырылған ойлар, сөйлемдермен толықтырылатын тұстар да бар.

«*Саадат сууга кеткенде, Зейнеп ана эшиктин алдына туруп, ал узаганча, көпкө карап турат*» [3, 371].

Қазақ тілінде: «*Саадат суға кеткенде Зейнеп апай есіктің алдына шығып қызы қашан ұзап кеткенше, көз алмай қарап тұрады*» [4, 275].

Орыс тілінде: «*Только когда Саадат идет к реке по воду, Сейнеп-апа стоит у калитки и проважает ее взглядом*» [5, 547]. Бұл сөйлемдер түпнұсқа мәтінін дәл беріп тұр.

Бүгінгі күнге дейінгі аударма шығармаларда жиі кездесетін терминдер де бар. «Смена», «сеялка», «прицепщик», «совхоз» т.б. тәріздес сөздерді, «кезек», «тұқым сепкіш», «тіркемеші», «кеңшар» деп тәржімалаудың аударма сапасын арттырмаса, кемітпейді. Десек те, бұл бүгінгі күннің талабы.

Қырғызша нұсқасында: «*Мүмкүн, анда бригададан кетүүге туура келер – деди Саадат каргылданган үнменен*» [3, 358], – деп келетін мына бір сөйлемді қазақ тіліне тәржімалаушы: «*Мүмкін, онда бригададан кетуге тура келер, – деді Саадат жай ғана*» [4, 538]. Осы бір қысқа сөйлем арқылы, қызының анасына деген жанашырлығын, ол ауырып қалса, жұмысын тастап анасының қасында болу керектігі жөнінде ойластырып тұрғандығын сездіріп тұр. Ал бұл сөйлем орысша нұсқасында қысқартылып қалған.

Жалпы, орыс тілінде түпнұсқадағы сөйлем құрылымы сақталғанымен автор айтпақ болған негізгі ойлар дәл берілмеген. Ал, Қ. Нұрмаханов аудармасында сөздер қысқартылып, қосылса да, автор ойы нақты беріледі.

Оқиға желісі бой жетіп қалған қызының сымбат-бітіміне сыртынан сүйсіне қарап тұрған ананың ішкі арман-қиялын суреттеуден басталады

«*Ии, Саадат тракторду угуп жаткан турбайбы!*» – дейт Зейнеп ана» [3, 356], – дегенді қазақ тіліндегі нұсқада «*Ии, Саадат тракторды тыңдап отыр екен!*» [4, 271], – дейді Зейнеп апай өзіне» деп береді. Бұл жерде аудармашының қырғыз тіліне тән «Ии» деген одағай сөзді аудармай, сол күйінде жеткізуі құптарлық жәй. Сондай-ақ, осы сөйлемнің соңындағы «*дейт Зейнеп ана*» дегенді «*дейді Зейнеп апай өзіне*» деп үстеме сөз қосуы арқылы кейіпкердің өзіне-өзіне сөйлеп тұрғандығын нақты беріп тұр.

Орыс тілінде «*Слушает трактор, - догадывается Сейнеп-апа...*» [5, 537], – деп қысқа қайырады.

«– *Сен алар менен теңелбе, кудайдын каары! – деп Зейнеп апанын кыжыры келе түштү. – Алар бир ата, бир энеден жалгыз бекен? Алардын үйлөрүнде толуп жаткан улан-ушагы бар. Мен болсом, мен... Жесирмин...*» [3, 367]. Қазақ тілінде бұл сөйлем: «*Сен өзіңді олармен теңеме, құдайдың қаһары! – деп, Зейнеп апайдың ашуы бірден келе қалды. « – Олар бір әке, бір шешеден жалғыз ба екен? Олардың үйлерінде толып жатқан адамдары бар. Мен болсам, мен... жесірмін...*» [4, 276]. Бұл сөйлемдер орыс тіліндегі нұсқасында жоқ. «*А ты не равняйся с ними! – рассердилась Сейнеп-апа. – Они не одни у родителей*» [5, 541], – деп автордың салмақ сала айтып тұрған

«Жесір» сөзін аудармай, тастап кетеді. Шығарма желісі негізінен «жалғыздықтың» айналасында өрбиді. Яғни, жалғыздық мотиві бой көрсетеді. Зейнеп апаның қызы Саадаттан басқа ешкімі жоқ. Тіпті қызын жұмысқа да жібергісі келмейді. Ал, Саадат тұрмысқа шығып кетсе қайтпек? Осы ойлар әңгіменің басты сегменттері болғандықтан, аудармашы И. Гнездилова осыларға баса назар аударғаны дұрыс болар еді. Орыс тілінде «Вдова» деп аударылатын «Жесір» сөзін И. Гнездилованың тастап кеткені түсініксіз. Мәтінде Саадатқа да осы сөз қатты әсер етіп, «денесі дір ете қалды», «Жесірмін» деген сөзді қыз анасының аузынан бұдан бұрын есіткен жоқ еді» – деуінің астарында да ауыр ой жатқан жоқ па? Сондай-ақ, аталмыш диалогтегі «... осы иен тамда жалғыз қалдым» [4, 276], – деген басты сөйлемді орыс тілінен кездестірмедік.

«Зейнеп ана сууга барғанда, «Саадат кетти, Саадат күйөөге чыкты» - деген сөздү азыр эле угуп келди. Өзүнүн, элден жашырған ақыры болар иш, мына бүгүн эне томсоруп, үйүнүн ичин жаңы көргөндөй таң калып, тигилип карайт. Үй оокат жетиштүү эле; бирок кызы болбогон соң эне үчүн баары бир тыйын» [3, 369], – деген сөйлемдерді қазақ тіліндегі нұсқасына аудару барысында да қалдырылып кеткен сөйлемдер бар. Десек те, автор идеясына нұқсан келтіріліп тұрған жоқ.

«Зейнеп апай суға барғанда, «Саадат кетті, Саадат күйеуге тиді» деген сөзді жаңа ғана естіп келді. Үй ауқатты еді, бірақ қызы болмаған соң, ана үшін оның бәрі бір тиын» [4, 278], – деп аудару барысында осы екі сөйлемнің ортасында тұруға тиісті, «өзінен, елден жасырғанмен ақыры болатын іс, міне бүгін ана томсырайып, үйінің ішін жаңа көргендей таңқалып, тесіле қарайды» деп келетін сөйлем қалдырылғанымен, соның салдарынан түсініксіз жайлар орын алып тұрған жоқ. Мұндағы басты ақпарат «бәрі бір тиын» тіркесімен-ақ, белгілі болып тұр.

Орыс тілінде, «Сейнеп-ана только что вернулась с реки. Там ей сказали, что Саадат вышла замуж. Свершилось то, чего больше всего боялась мать. И вот теперь она осталась одна в этом доме. Казалось бы, все есть у нее, но с уходом дочери все потеряло всякий смысл» [5, 579]. Дегенмен де, басты кейіпкер Зейнеп-апаның интуициядан туған ішкі арпалысы, шындыққа айналып, жалғыз қалғанын сезіну сәтін аудармада қысқартпай, түпнұсқадағыдай суреттеуді қажет етеді.

«... О, кокуй, улуум мага келин алып келип, менин үйүм дагы элдикиндей балалуу-чакалуу болбойт беле...» [3, 380], – деген сөйлемді қазақ тіліне «... О, ойбай, ұлым маған келін алып келіп, менің үйім де жұрттікіндей үбірлі-шүбірлі болмас па еді...» [4, 270], – деген үлгіде аударылған. Бұл жерде «балалуу-чакалуу болбойт беле...» дегенді «үбірлі-шүбірлі болмас па еді...» деген тіркеспен алмастырады.

Орыс тілінде «... не дал сына. Он уж не покинул бы родного гнезда, а привел бы снаху в дом» [5, 546.]. Түпнұсқадағы негізгі ойды меңзеп тұрған «балалы-чагалы» тіркесі қалдырылған. Тағы да айтарымыз, шығарманың басты лейтмотиві – жалғыздық, жалғыздықтан арылу болғандықтан, орыс тілінде ананың күйзелісін нақтылай беру керек еді.

*«Ал көйнөктү жазып, карап көрдү да, өзүнүн ишмерлигине ыраазы болгонсун, көңүлдөнө түштү. Эне эми колу колуна тийбей, күйпөлөңдөп, кандайдыр кубанычты күткөнсун, боорсок жасай кетти. Эненин оттун илебине ысып чыккан бети, жас кезиндегидей нурданып тердеди»* [3, 381], – деген сөйлөмдерді казак тіліне:

*«Ол көйлекті жазып көрдү де, өзінің ішмерлігіне риза болгандай, көңілдене түсті. Ананың от лебіне қызарған жүзі, жас кездеріндегидей нұрлана түсті»* [4, 283], – деп шебер аударған.

Орыс тілінде күйеу баласына арнап көйлек тіккендігі айтылғанымен, дәл жоғарыдағы тігілген көйлегіне риза болғандығы айтылмай, тек *«Лицо, разгоряченное огнем, поразовело, покрылось мелкими каплями пота. Глаза блестели в ожидании чего-то радостного»* [5, 549], – деп келеді.

И. Гнездилова аударма қабылдаушыларының мәтінді дұрыс түсінуін қамтамасыз ету мақсатында қырғыздар мен қазақтарда жоқ, негізінен орыс ұлтына тән оқырманға прагматикалық әсер ету үшін, *«Ведь у них медовый месяц»* сөйлемін енгізеді.

Әңгіменің аяғына таман ел аузындағы «Асан шал» аңызы айтылады. *«Елдің айтуына қарағанда, баяғы кезде жер сілкініп, осы жердің тұмсығы көшіп, Асан деген бишараны там-жайымен басып қалған деседі. Ақ жауынның тор сияқты шымылдығы арасынан қорқынышты жүзінде қан-сөл жоқ Асанның сүлдесі Зейнеп апайдың көз алдына келе қалды. Айналада жан жоқ. Ақ жауын тынбай жауып тұр. – Түрің құрысын! – деп жіберді Асанды елестетіп, шошынған Зейнеп апа»* [6, 286]. Қ. Нұрмаханов аудармасындағы бұл азат жол түпнұсқадағы құрылымын сақтай отырып, дәл берілген. Ал, орыс тілінде тұтасымен қысқартылып қалған.

И. Гнездилованың орыс тіліндегі аудармасында *«Сейнеп-апа слезла с лошади, села на камень и заплакала. Но теперь это были слезы гордости за своих детей, за их большие дела»* [5, 550], – деп аяқталады. Бұл сөйлемде аудармашы аударма барысында түпнұсқадағы «көз жасы» сегментін сақтау арқылы, авторлық тұрғыдан ауытқымаған.

«Әңгімеде де – дейді академик З. Ахметов – басқа жанрлар секілді, алдымен адам – оның өмірі мен тағдыры көрінуі тиіс. Аса маңызды деген оқиға суреттелуі керек. Сөйтіп әңгіме көлемі шағын шығарма болғанымен, қаламгер үшін нағыз шеберлік мектебі екеніне сөз жоқ» [4, 698]. Демек, әңгіме жанрының ерекшеліктерін, құрылымын сақтау аудармашылардың міндеті. Түпнұсқаның әр сөйлемін, сөзін сөзбе-сөз аудармай барынша көркем аударма теориясындағы мағыналық сәйкестік әдісімен аудару Қ. Нұрмахановтың басты ұстанымы. Аудармашы Ш. Айтматовтың басқа да шығармаларын осы әдіспен аударған.

Қазіргі өркениет заманында түркі тілдес халықтардың бай әдебиетін аударма арқылы, әлемдік деңгейге көтеру қажеттілігі барған сайын артып келеді. Сондықтан да, әдеби шығармалар қай тілге тәржімаланса да кәсіби аудармашылардың тәжірибесі қашанда назарда болуы қажет.

## Әдебиеттер

1. Айтматов Ш. Жәмилә // Лениншіл жас, 1959 6 маусым
2. Нурмаханова К. К. Нурмаханов и литературно-переводческие связи среднеазиатских литератур в 50-60-х годах XX столетия. // Аударма теориясы мен тәжірбиесінің және салыстырмалы әдебиеттанудың өзекті мәселелері. – Алматы: Қазақ университеті, 2007, 215 б.
3. Айтматов Ч. Чыгармаларынын жыйнагы. 5 том. – Бишкек, 1999. – 698 б.
4. Айтматов Ш. Жәмилә. – Алматы: Жазушы, 2005. – 2001 б.
5. Айтматов Ч. Повести, рассказы. – Фрунзе: Кыргызстан, 1985. – 607 б.
6. Ахметов З. Өлең сөздің теориясы – Алматы: Жазушы, 1987. – 206 б.